








БЕКІТЕМІН  
«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» ҚсАҚ  
басқарма төрағасы-ректор  
А.М. Наметов  
« 23 » 11 2020 ж.

**ҒЫЛЫМ ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОРДЫҢ  
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ**

**СМЖ.07.ЛН.03**

№ 05 басылым  
№ \_\_\_ дана

Дайындады: 17.11.2020 м. А.М.Казамбаева 	Келісілді: 20.11.2020 м. Ө.Б.Таубаев  Е.Б. Ихсанов  М.Ж.Алмагамбетов  Е.К.Таскалиев 	Енгізілді: 24.11.2020 м. 24.11.2017ж. СМЖ.07.ЛН.03 Қайта қаралуы: 24.11.2023 м.
--	--	---

## Мазмұны:

- 1.Бағыты
- 2.Қолдану саласы
- 3.Лауазымдық міндеттері
- 4.Жауапкершілігі мен өкілеттігі
- 5.Құжаттама
- 6.Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер	Дайындаушы	
			Тегі аты, әкесінің аты	Қолы

## **1. Бағыты**

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексіне» және «Білім туралы» заңына сәйкес дайындалды.

## **2. Қолдану саласы**

Осы нұсқаулық Ғылым жөніндегі проректорге арналған.

## **3. Лауазымдық міндеттері:**

### **3.1. Ғылым жөніндегі проректор міндетті:**

3.1.1. Қолданыстағы заңдар, нормативті құқықтық актілер, жарғы және ұжымдық келісім-шарттар негізінде жоғары кәсіби білім беру (қосымша кәсіби білім беру) қызметінің жекелеген бағыттары бойынша тікелей басшылықты жүзеге асырады.

3.1.2. Қабылдаған шешімдеріне, материалдық құндылықтардың сақталуына және тиімді жұмсалыуына толық жауапты бола отырып, ғылым және халықаралық байланыстар қызметінің жекелеген бағыттарына басшылық етеді.

3.1.3. Өзіне тапсырылған барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және өзара тиімді әрекетін ұйымдастырады.

3.1.4. Өзіне тапсырылған қызметтер шеңберінде жоғары оқу орнының бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың, жеткізушілердің, тапсырыс берушілердің, несиеберушілердің алдындағы барлық міндеттемелерді орындауын; жаңа техникалар мен технологияларды қолдану саласындағы жаңа жетістіктер, білім беру саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер, еңбекті ұйымдастыру және басқарудың белсенді түрлерін қолдану, шығындарды жұмсаудың негізгі нормалары, университеттің материалдық, техникалық ресурстарын тиімді пайдалану негізінде университетті басқаруды ұйымдастырады.

3.1.5. Сеніп тапсырылған құрылымды білікті мамандармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігін ұдайы арттыру жөнінде шаралар қабылдайды. Кәсіби білімді қолдану және дамыту, тәжірибе алмасу, жағымды және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.1.6. Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлестірілуін, жоғары оқу орны қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін арттырудағы материалдық және моральдық ынталандыру қағидаттарын қолдануды, әрбір жұмыскерге оған тапсырылған іспен оның нәтижесіне деген материалдық қызығушылығы мен жауаптылығы қағидатын қолдануды, жалпы еңбек нәтижесін қамтамасыз етеді.

3.1.7. Құрылымды және штат кестесін өзгертуге байланысты ұсыныстар береді.

3.1.8. Өзіне тапсырылған құрылымдық бөлімшелердің қызметінің заңдылығын бақылауды, оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын жүзеге асыруды, қаржыны басқаруда құқықтық құралдарды пайдалануды, шарт

және қаржы тәртібін, әлеуметтік еңбек қатынастарын нығайтуды қамтамасыз етеді.

3.1.9. Жоғары оқу орнының білім беру қызметін қолдау және аясын кеңейту мақсатында білім беру саласындағы инновациялық технологияларды енгізуді және қолдануды қамтамасыз етеді.

3.1.10. Сенім хаты немесе желілік нормативтік актісі болған жағдайда жоғары оқу орнының мүліктік мүдделерін сотта, сот алқаларында қорғайды.

3.1.11. Мемлекеттік құпияның қорғалуына және сақталуына байланысты жұмыстарды ұйымдастыруға, жағдай жасауға, жалпы жоғары оқу орнының қызметіне тікелей жауапты.

3.1.12. Жыл сайын тиісті құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері туралы есеп дайындайды.

## **3.2. Бағыныштылығы:**

3.2.1. Ғылым жөніндегі проректорды лауазымына басқарма төрағасы-ректордың ұсынысы мен директорлар кеңесі тағайындайды және босатады;

3.2.2. Ғылым жөніндегі проректор басқарма төрағасы-ректорға тікелей бағынады.

3.2.3. Ғылым жөніндегі проректоры өзінің қызметтік міндеттерін университет Жарғысы, осы лауазымдық нұсқаулық, басқарма төрағасының бұйрықтары мен нұсқамалары негізінде атқарады.

## **3.3. Ғылым жөніндегі проректор білуге міндетті:**

3.3.1. Қазақстан Республикасының Конституциясын;

3.3.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін;

3.3.3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдары;

3.3.4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқада нормативтік құқықты қактілер;

3.3.5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бармамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орнысаласының техникалық және ғылыми дамуының болашағын, жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктерімен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін, еңбек заңнамаларын, еңбекті қорғау ережелерімен нормалары.

3.3.6. Университет Жарғысы, ішкі тәртіп ережелері және атқарылып отырған

қызмет мәселелері бойынша университет ішіндегі нормативтік құжаттар;

3.3.7. Өз лауазымдық міндеттері аясындағы сапа менеджменті жүйесінің құжаттамаларын;

3.3.8. Осы лауазымдық нұсқаулықты.

### **3.4 Біліктілік талаптары:**

3.4.1. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәрежесі немесе «Назарбаев Университеті» ДБҰ-да немесе шетелдің жоғары оқу орнында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтау қорытындылары бойынша берілген магистр академиялық дәрежесі, кемінде 5 жыл білім беру ұйымдарында басшылық лауазымдағы еңбек өтілі болуы немесе «Назарбаев Университеті» ДБҰ-да және /немесе шетелдің жоғары оқу орнында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар (магистратура немесе PhD докторантура) бойынша оқуын аяқтаған жағдайда кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы тиіс;

## **4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі**

### **4.1 Ғылым жөніндегі проректор**

4.1.1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі шегінде осы лауазымдық нұсқау дақарастырылған өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны үшін;

4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстері шегінде құқық бұзғаны үшін;

4.1.3. Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстері шегінде материалдық залал келтіргені үшін жеке жауапты.

### **4.2. Ғылым жөніндегі проректор:**

4.2.1. Түрлі ұйымдармен, жергілікті басқару органдарымен, ҚРБҒМ-мен, өзге министрліктер, ведомстволармен қарым-қатынас жасау барысында университеттің мүддесін қорғауға;

4.2.2. Университет басшылығының шешімдері жобаларын дайындауға және онымен танысуға;

4.2.3. Өз құзіреттілігі шегінде құжаттарға қол қоюға және растауға, бұйрықтар шығаруға;

4.2.4. Өз құзіреттілігіне кіретін мәселелер жөнінде түрлі құрылымдық бөлімшелер басшылары мен өзарақатынас жасауға, өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға қажетті ақпараттар мен құжаттар алуға өкілетті.

### **4.3. Ғылым жөніндегі проректор:**

4.3.1. Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін университеттің басшылығынан қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге;

4.3.2. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға;

- 4.3.3. Жылына 56 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға;
- 4.3.4. Өзінің кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 4.3.5. Ұйымдастырушылық және әдістемелік қызметіндегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге;
- 4.3.6. Өз құзіреттілігіне кіретін мәселелер жөнінде түрлі құрылымдық бөлімшелер басшылары мен өзарақатынас жасауға, өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға қажетті ақпараттар мен құжаттар алуға құқылы.

## **5.Құжаттама**

## **6.Сілтемелер**

- 6.1 ҚР «Еңбек кодексі» 23.11.2015 ж. №414-V ҚРЗ;
- 6.2 ҚР «Білім туралы» ҚР Заңы. 27.07.2007 ж. №319-III;
- 6.3 ҚР Азаматтық кодексі, 27.12.1994 ж. № 269-XII;
- 6.4 ҚР «Ғылым туралы» ҚР Заңы 18.02.2011 ж.№407-IV-IV;
- 6.5 ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы», 13.05.2003 ж. № 415-II;
- 6.6 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410-V
- 6.7 ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы, 16.01.2001 ж. №142-II;
- 6.8 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Магистратура. Докторантура. Негізгі ережелер, 31.10.2018 ж. №604 (05.05.2020 ж. 182);
- 6.9 ҚРСТИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйе талаптары;
- 6.10 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы.